

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп

Кітапханасында ұйымдастырылатын

«Кітап- алтын қазына»

атты кітап кітап көрмесі жөнінде

Хабарлама

Мақсаты: «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында оқушылардың кітапханаға,кітапқа деген қызығушылығын арттыру

Кітап – өмір ұстазы.Сондықтан, жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс.Кітап оқымай өмірді білу,білім алу мүмкін емес.

Кітап – адамзат ақыл- ойының інжу – маржанын бойына жинайды да оларды ұрпақтан – ұрпаққа жеткізеді. Біз бір уыс күл топыраққа айналамыз, ал кітаптар дәл бір темір мен тастан қашалып жасалған ескерткіштердей ғасырлар бойына сақталады.(М.Айбек)

Өткен замандардың тұңғыық тереңінен сыр шертетін тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерінде кітапханадан табамыз.Кітапхана оқырманмен кітап арасындағы алтын көпір.Кітап біздің рухани құндылығымыз.

Кітап көрмесі барлық оқырмандар тобына арналды.Кітапханаға жаңа оқырмандар тартылды. Кітап білім көзі, рухани қазына кітап білімімізді молайтады.Кітаптан көп үлгі-өнеге, тәрбие аламыз. Кітап адам баласының ақыл ойынан туған байлықты сақтап,оны ұрпақтан –ұрпаққа жеткізіп отыратын , білім және тәрбие беретін құрал. Кітапты оқи отырып,адамның ішкі рухани жан дүниесі артады.Айналадағы өмірмен, табиғатпен, адамның еңбегімен, құрбы – құрдастарымен таныстырып, жақсы болуға, жақсылық істеуге құштарланатын осы кітап. «Кітап – білім бұлағы» деп бекер айтылмаған .Осы мақсатта оқырмандарымызға арналған тұрақты кітап көрмелері ұйымдастырылды. «Кітап – алтын қазына», Бұл көрмедегі Ә. Нұрпейісовтің шығармалары,М.Мақатаевтың өлең кітаптары,Сұлтанәлі Балғабаевтың, Өтежан Нұрғалиевтың,аудармалар оқушыларға оқуға ұсынылды.



Кітапханашы:


Ж.Д.Шонаева

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
Кітапханасында ұйымдастырылатын
«Мектеп кітапханасына кітап сыйла»
акциясын жөнінде

Хабарлама

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасы 2020 жылдан бастап дәстүрлі түрде «Мектеп кітапханасына кітап сыйла» акциясын ұйымдастыруда. Акцияға мектеп мұғалімдері, оқушылар, ата-аналар және Рауан тұрғындары қатысады. Біздердің оқырманымыздың артуына орай, біз әлі де сыйға беретін ерікті оқырмандарды күтеміз. Сыйға тарту игі іске жатады, кітапты сыйлаған адамдар олардың кітаптары өз оқырманын табады дегенге сеніммен қарайды. Себебі кітаптар мәңгі өмір сүреді.

Кітап білім көзі, рухани қазына кітап білімімізді молайтады. Кітаптан көп үлгі-өнеге, тәрбие аламыз. Кітап адам баласының ақыл ойынан туған байлықты сақтап, оны ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал. Кітапты оқи отырып, адамның ішкі рухани жан дүниесі артады. Айналадағы өмірмен, табиғатпен, адамның еңбегімен, құрбы – құрдастарымен таныстырып, жақсы болуға, жақсылық істеуге құштарланатын осы кітап. «Кітап – білім бұлағы» деп бекер айтылмаған. Осы мақсатта оқырмандарымызға арналған тұрақты кітап көрмелерін жаңадан келген кітаптармен толықтырып отырылады.



№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп

Кітапханасында ұйымдастырылған

Ыбырай Алтынсаринның 160 жылдығына

арналған кітап көрмесі

жөнінде

Хабарлама

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында Ыбырай Алтынсаринның 160 жылдығына орай «Дала қоңырауы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып кітаптарына шолу жасалды. Көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің іс – әрекеті, бейнелері, оқиғалары баланы сан-қилы сезімге түсіріп ойландырады, қуантады, кейбіреуінен аулақ болуға жетелейді. Ыбырай (шын аты Ибраһим) Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда Қостанай қаласындағы Затобол ауданында дүниеге келген. Ыбырай үш жасқа келгенде әкесі Алтынсары қайтыс болады. Оны Кенесары шапқыншылығында өлтіріп кетеді. Ыбырайды әкесінің досы Жетібай Өтемісұлы құтқарып қалады. Әкесі қайтыс болғаннан кейін тәлім-тәрбиені атасы Балғожа биден алады. 1846 жылы Балғожа би Орынбордағы Шекара комиссиясы жанынан ашылатын мектепке Ыбырайды жаздырып қояды. 1850 жылы 22-тамызда сол мектепке Ыбырай алғашқы 30 баланың бірі болып қабылданады. Ол уақытын жан-жақты білім алуға ерекше ынтамен кіріседі. Балғожа Жаңбыршин жүзбасы, Қыпшақ руының ұзын тармағын басқарған Торғай, Тобыл және Аят өзендері аралығында көшіп қонған Орынбор шекара комиссиясының пікірінше, ол адамдарды басқару жағынан да, жалпы орда істері жөнінен де өз руластары алдында өте беделді болған. Ол ұзақ уақыт Орынбордағы погран (шекара) комиссиясы қол астында, қыпшақ старшина болып қызмет істеген, патша үкіметінен шен-шекпен алған ірі феодалдың бірі, яғни белгілі би, ірі бай болған кісі. Балғожа би немересі Ыбырайды жасынан-ақ адалдыққа, тапқырлыққа, турашылдыққа, шешендікке баулыған. Өзімен бірге жиын-тойларға алып жүріп, билік айтқызып, қанатын қатайтқан. Ыбырай

жасынан зерек болып, атасын жерге қаратпай, алғырлық танытып, көпшілік құрметіне бөленеді. Оның бұл турашылдық шешендік қасиеттері Торғайда сот істерін жүргізген кездерінде айқындала түседі.



Кітапханашы:

Ж.Д.Шонаева

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
Кітапханасында ұйымдастырылған
«Шуақты балалық шақ» балаларға
арналған кітап көрмесі жөнінде

Хабарлама

Мақсаты: Кітапханаға келіп оқу залында отырып газет-журналдар мен кітаптар оқуына баулу,қызықтыру.

Балаларды кітап оқуға қызықтыру, оны таза ұстауға үйрету; кітаптың пайдасы мен маңыздылығын ұғындыру

.Шуақты балалық шақ атты кітап көрмесіндегі кітаптармен таныстыру Ертегілер ауыз әдебиетінің ең көне жанрына жатады. Бұларда көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін ойдан шығарылатын оқиғалар баяндалады. Ол ауызша айтылып, ел есіне ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан - ұрпаққа ауысып, біздің дәуірімізге жеткен. Ғажайып ертегілер әлемінде жақсылық әрқашанда зұлымдықты жоятынына көз жеткізу

Өздеріңнің қаншалықты кітапқұмар екендіктерің көрсетуге тырыстыру. Кітапханаға келіп оқу залында отырып газет-журналдар мен кітаптар оқуына баулу, қызықтыру.

Кітапханашы: Ж.Д.Шонаева



кітапханасының Оқуға құштар мектеп
жобасы аясында ұйымдастырылған
бастауыш оқушыларымен кітапханаға
саяхат жасау

ЖОСПАРЫ

Мақсаты: Балалардың ой өрістерін, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, олардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқулықтарын күтіп ұстауға тәрбиелеу. 2) Қызықты кітаптар ұсыну арқылы кітап оқуға құштарлығын дамыту.

Көрнекілігі: Кітап көрмелер

1) Кітап көрмелері мен таныстыру.

2) Қызықты кітаптар ұсыну.

Бүгін біз сендермен кітапханаға саяхат жасаймыз. Саяхат жасауды біз бәріміз жақсы көреміз ғой.

Кітапханашы: Білесің бе, кітап білім ұясын,

Оқып оны өмірге азық жиясың,

Оқып- біліп, зерттеп кіріп санаға

Терең білім, ой маржанын құясың.

Кітап-рухани азық. Кітап адамның дүниетанымын кеңейтеді. Біз кітаппен күн сайын кездесеміз. Ертегі, әңгімелер мен сыр шертетін кітаптар біздің ең жақын ақылшымыз.

Кітапханашы: Кітапты шығару үшін көптеген адамдар еңбек етеді. Біз оны қалай ұстауымыз қажет?

Кітапты жыртпай кірлетпей , бүлдірмей таза ұстап, оқыған кезде мәнерлеп оқу керек.

Алғаш қазақ даласында мектеп ашқан, қазақ балаларына арнап

«Әліппе» жазған Ахмет Байтұрсынов атамыз. Ахмет Байтұрсынұлының балаларға

арнап жазған өлеңдері өте көп. Ол өлеңдерді жоғары сыныптарда оқитын боламыз. Ал

қазір мен сендерді кітапханадағы ең үздік кітап көрмелерімен таныстыратын

боламын.(Кітап көрмелерімен таныстыру)

Ал, қазір сіздерге екі кітаптың әңгімесін айтып беремін.(Жыртылып сызылған екі кітапты қолына ұстап тұрып кезекпе сөйлетеді).

Ух, шаршағаным-ай.

Неге сонша мұңайдың , досым?

Мұңаймасқа не шара, мен баспадан шыққанымда жап-жаңа қағаз иісі бұрқырап тұрушы едім.

Енді не болды? кім сені осы халге түсірген?

Салақбай, Жамангүл, Жалқаубек, Қашқынбай, Еріншек
деген балалар ғой мені жұлмалап тастаған.

Қой достым, мұңая берме. Мен сені әлі де жақсы адамдармен таныстырамын ауруыңды
емдеймін.

Ондай жақсылығың болса рахмет. Екеуі бірігіп «Кітап дәрігеріне» келеді.

Ия достар, қай жерлерің ауырады Көріп жіберейін..

Кітапты айналдырып қарайды

Дәрігер басын шайқап парақтарың жыртылған, түптеу керек, желімдеу керек,- деп
кітаптарды емдеуге кірісіпті.

Кітапханашы кітапты көрсетіп, оқушыларға былай деп ескертеді:

Оқулықты құрметте,

Күтіп ұста кірлетпе,

Кішілерге табыс ет,

Дақ түсірмей бір бетке.

Балаларға әңгімені айта отырып кітапты таза әрі ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

Кітапханашы: Ж.Д.Шонаева

Кітапханаға саяхат



Кітапханасында ұйымдастырылған
« Рухан жаңғыру – болашаққа сенім»
кітап көрмесі жөнінде

Хабарлама

Мақсаты: Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Кітапхана - дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап - білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор.

Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын , өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек.

Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл - кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап біздің рухани жан азығымыз.

Көрмеге Ел аузынан, Дастан ата, Прозалық фольклорлар, Қазақ ертегілері, Алпамыс батыр жыры, Қобыланды батыр кітаптары қойылып оқырмандарға ұсынылды.


Кітапханашы: Ж.Д.Шонаева



Кітапханасының оқырманын
«Алаш ардақтысы» байқауына дайындау

Хабарлама

Қоғам қайраткері, тарихи тұлға Әлихан Бөкейханның 155 жылдық мерейтойына орай мәңгілік ел жастары қоғамдық қоры ұйымдастырған «Алаш ардақтысы» атты республикалық байқауға шәкірт дайындап, байқаудың бірінші кезеңі бойынша көркемсөз оқу шеберлігімен көзге түсіп 1 орын алып, дипломмен марапатталды.



Кітапханашы: Ж.Д.Шонаева

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
Кітапханасында ұйымдастырылған
« Буккроссинг» бұрышы

жөнінде

Хабарлама

2020-2025 жылдарға арналған білім беру ұйымдарының кітапханаларын перспективалық дамыту жөніндегі «Жол картасы» бойынша «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында №74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасында оқушылардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылды солардың бірі мектебіміздің екінші қабатында орналасқан «буккроссинг» бұрышы. Оның мақсаты: «Оқыдың ба – басқаға бер» қағидасына негізделген қарапайым әрекеттерден тұрады. **Буккроссинг** – бұл кітаптарға екінші өмір берудің және сонымен қатар, бірнеше ағаштың сақталу тәсілі.

Буккроссинг (ағылшын тілінде «кітаптың айналыста жүруі») – «өзің оқысаң, өзгеге табыс ет» қағидасына негізделген.

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
Кітапханасында ұйымдастырылған
«Туған өлкем-тұнған шежіре»
кітап көрмесі жөнінде

Хабарлама

Оқушыларға туған өлке, оның тарихы, байлығы, алуан түрлі табиғаты туралы түсінік беру. Туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Табиғатты қорғай білуге, оны аялауға тәрбиелеу.

Міндеті: - Табиғат туралы экологиялық білім және тәрбие беру.

- Туған өлкенің табиғатын аялауға баулу.
- Туған жердің сырын терең түсіне білуге үйрету
- Табиғат туралы ой - өрістерін дамыту.

Оқырмандарға табиғат біздің алтын ұямыз, қоршаған ортамыз, тіршілік көзіміз екенін, оларды қорғау, аялау ардақтау біздің міндетіміз екенін түсіндіру. Табиғат байлығы адамзат өмірінің баға жетпес асыл қазынасы, өмірлік қоры, болашақ ұрпаққа да осы қалпында, таза күйінде жеткізер мұрасы екенін ұғындыру.

Оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, аяушылығын ояту.

Осынау кең – байтақ еліміздің шалқар көлдері мен асқар таулары, даласы мен алтын дәнді даласы, ақ күмістей қаласы, кенге толы өңірі мен малға толы өрісі бәрі болашақ ұрпақ, келешек азаматтары сендерге

өсиет болып қалады. Табиғат біздің алтын ұямыз, қоршаған ортамыз, тіршілік көзіміз екенін, оларды қорғау, аялау ардақтау біздің міндетіміз екенін түсіндіру.

Табиғат байлығы адамзат өмірінің баға жетпес асыл қазынасы, өмірлік қоры, болашақ ұрпаққа да осы қалпында, таза күйінде жеткізер мұрасы екенін ұғындыру.

Кітапханашы:

Ж.Д.Шонаева

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп

Кітапханасында ұйымдастырылған

«Динадан жеткен күй-күмбір»

кітап көрмесі және «Библио кафе»

жөнінде

Хабарлама

Күй- қазақтың бағына біткен дара өнер, қастерлі дүние. Ұлы таланттар сан ғасырлық тарихымызды домбыра үні арқылы күй құдіретімен жеткізген. Күй өнері – қазақ халқының ең құнды, бағалы мұраларының бірі. Қаны мен жанында күй ойнаған ұлтымыз тума таланттарға кенде емес. Сондай дарын иелерінің бірі – қазақ өнерінде өзінің өшпес ізін қалдырған күйші, композитор Дина Нұрпейісова. Күй анасының туғанына биыл 160 жыл осыған орай №74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасында “Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт” жобасы аясында “Динадан жеткен күй-күмбір” атты кітап көрмесі және оқырмандарға “Библиокафе” ұйымдастырылды.Шара жасөспірімдер тобымен өткізілді.

Мақсаты: Батыс өңірінің халық композиторы Дина Нұрпейісова туралы толық мәлімет алу, күүді тыңдату арқылы балалардың эстетикалық талғамын ояту, оқушыларды Отанды сүюге, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыру.

Ұлы Құрманғазының шәкірті, лайықты мұрагері Дина Нұрпейісованың өмірі мен шығармашылығына тоқтала отырып, күйлері туралы мағлұмат берілді. Күй тыңдау арқылы оқушылардың қиялы мен ой- өрісін ойлау қабілетін, сезімін дамыту.



Кітапханасында ұйымдастырылған
«Менің Қазақстаным» поэзия оқулары
жөнінде

Хабарлама

“Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт” жобасы аясында № 74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен «Менің Қазақстаным» поэзия оқу ұйымдастырылды. Поэзия оқуға балалар тобы қатысты.

Балаларға поэзия күдіреті арқылы қазақ деген ұлы халықтың болмысымен бітімінің ұлылығын дәріптей отырып оқырмандарды Тәуелсіздік жетістіктері кітаптарын насихаттау арқылы кітап оқуға қызығушылығын арттыру.

Ата - бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт.

Кітапханашы:

Ж.Д.Шонаева

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
Кітапханасында ұйымдастырылған

«Ғасырдың керемет азаматы» кітап көрмесі
жөнінде

Хабарлама

Сәлеметсіздер ме, оқушылар! Бүгін бізде ерекше өйткені біз бүгін Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы кең мағлұмат аламыз. Қазақстанның егеменді ел атануына Елбасымыздың қосқан үлесі зор. Қазақстанды мекендеген барлық халықтардың ұлттық мәдениетін көркейтіп, бірлігі мен ынтымақтығын жарастырып отырған әлемге әйгілі ұлы тұлға. Тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткізген табыстарын біліп жүру-біздің басты міндетіміз.

1. Кешіміздің мақсаты бүгінгі жас ұрпаққа қазақ халқының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру; бүгінгі жас ұрпаққа Елбасының ерекше қасиет-қадірін, тұлғалық тұғырын түсіндіру, Елбасымыздың ерен еңбегін мақтаныш сезіммен оқушылар бойына сіңіру.

Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Шәкірт жүрегінде елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеу.

Кітапханашы: Сөйлесіп бір жүрген қай сөзінде де халықты биік қоясың, Халықпен бір ашығасың да халықпен бірге тоясың.

Жастықтың жалын шақтарымен бірге айтып арман әндерін,

Қазақстанның бақтарымен бірге жапырақ жаясың, - деп ақын

Тұманбай Молдағалиев ағамыз айтқандай Тұңғыш президентіміздің өмір жолы қиын да қайталанбас көп қырлы. Бұл небір қиындықтар мен қатерлі тосқауылдарды жеңе білген және қиын кезеңдердің өзінде табыстарға қабілет күші жеткен нағыз қажыр қайрат иесі, талантты, адамның өмір жолы. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев әрдайым халықпен бірге, ол өз халқына үлкен қамқорлық көрсетеді. Қазақстанды мекендеген барлық халықтардың ұлттық мәдениетін көркейтіп, бірлігі мен ынтымақтығын жарастырып отырған ұлы тұлға.

Үлкен қариялардың даусы естіледі:

«...Шынымен-ақ шырылдаған нәресте үшін ести алмай өтеміз бе?»

Әкесі: Оны есітіп, Әлжан, осы ата-баба әруағына сыйынып, Алладан бала тілеп, Райымбек бабаның басына барып құрбан шалып, қайтсақ қайтеді осы.

Шешесі: Жарайды айтқаның болсын, барып қайтайық. Алланың бір көмегі тиер.

Автор: Содан екеуі Райымбек бабаның басына барып құрбан шалып, малдың етін жұртқа үлестіріп беріп, моланы жеті рет айналып шығады. Райымбек бабаның басына барып, зиярат етіп қайтқан күні түнде түс көреді.

Шешесі: Әбіш, мен бір түс көрдім. Түсімде үлкен теңіз көрдім. Буырқанып, дөңбекшіп жатқан мұндай теңізді бірінші көруім. Түсуге жүрексінем, бірақ бір күш суға қарай сүйрей жөнеледі. Жүрегім өрекіп суға түсем. Суға түскен соң қорқынышым басылады. Әуелі су тіземнен одан соң белімнен, көкірегімнен мойнымнан асады екен. Бір кезде басым көрінбей кетеді «Тұншығамын -ау» деп қатты қорқамын. Бірақ, бір ғажабы еркін тыныстап келе жатамын. Аяғым теңіз түбіне бір тиіп, бір тимей келеді. Өстіп келе жатып су түбінен мылтық тауып аламын. Кәдімгі аңшының үлкен мылтығы. Жақсы болды ғой, Әбішке апарып, қуантайын деп, мылтықты иғыма асып аламын. Сол кезде мылтық иіліп, екі басы да жерге тиеді. Мылтықты тастамай аршындай басып, Теңіздің екінші жағынан шыға келем.

Әбіш: «Алла жар болсын!» Түсің жақсы екен. Құдай ұл береді екен бізге. Екеуі бетін сипап тұрып кетеді)

Шынында көп ұзамай Әлжан ана бойына бала біткенін сезіне бастайды Сәбидің дүниеге келуі, кішкене баланың даусы.

Міне 1940 жылдың шілде айының алтыншы жұлдызында құт дарыған, Алматы облысы Қаскелең ауданының Шамалған аулында осы елдің болашақ көшбасшысы өмірге келеді. Бұл халқының бағына туған, бүгінде әлем таныған көшбасшысына айналған, қазақ деген қайсар халықтың президенті біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев еді.

Шығыс күн тізбегі бойынша

Нұрсұлтан аға ұлу жылы дүниеге келген. Тағдыры күнмен тығыз байланысты. Бұл жылы туған кісілердің ерекше күш-қуатқа ие екендігі олардың арасынан ерекше іскер мемлекет басшылары шығатыны айтылған. Енді президенттің туған күні 6 санына тоқталар болсақ, тағы да бір қызық жағдайға кенелеміз. 6 саны шындықты, ашықтықты және сенімділікті бейнелейді. Бұл күні дүниеге келген адамдар бейбітшілік пен тыныштықты сақтау жолында аянбай қызмет етіп, халықтың тұрмыс-жағдайларын жақсартуға бар күш-жігерін жұмсайды екен.

Н. Назарбаевтың балалық шағынан үзінді.

Нұрсұлтан аға орта бойлы, жазық маңдайлы, ақсары бала болатын. Сырттай момақан көрінгенімен, көзінің оты бар, ұстамды, байсалды еді. Сабаққа алғыр, елгезек, дене бітімі қайратты, күшті, қагілез, сергек бала болатын. Сол кездің өзінде ұйымдастырушылық қабілет байқалып қалатын. Балаларды үйіріп, артынан ертіп жүретін.

(Нұрсұлтан ағаның сөзінен үзінді)

«Мені құлқын сәріден оятар еді, мен арбаға есек жегіп, жұмысшы қалашығындағы ертеңгі сағат алтыда ашылған дүкенге уақтылы жетіп үлгеру үшін ауылдан асыға шығатынмын. Шұбатылған ұзақ кезекке тұратынмын. Қап-қара нан, салмақты қолды сәл батырсаң саусақтардың ізі қалатын. Үйге бірден он бөлке әкелу үшін кезекке екі, кейде қайтара тұратын едім. Мұндай нанды ұзақ сақтауға болмайды. Бөлкелерді турап-турап кептіру үшін күн көзіне қоятынбыз. Бұл бәрімізге зор қуаныш болатын. Анда-санда сиыр бұзаулағанда, нағыз мейрамға кенелетінбіз. Біздің үй ғана емес айнала бәрі осылай тірлік ететін».

Кітапханашы: Нұрсұлтан аға Шамалғаннан аудан орталығындағы бірден – бір тасы өрге домалап тұрған жалғыз қазақ орта мектебіне келіп оқиды. Нұрсұлтан ағаның білім жолындағы өршілдігі өзгеше еді. Білгенін өзгелерге айтып отыратын. Тереңдей білгісі келген балаларға өзі оқыған кітаптарын әкеп бері, оқып шығуын қадағалайтын. Соңынан бірге талқылауға шақыратын. Мектептегі барлық қоғамдық жұмыстарға жетекшілік ете жүріп, оқушылардың да белсенділігін арттыруға, олардың қабілетінің ашылуына ықпал етіп қана қоймай, өзінің жеке дара ізденуіне де уақыт тауып отырды. Нұрсұлтан аға мектептегі барлық пәндерді үздік аяқтады.

Таңертеңгі астың кезі: Көрініс.

Сұлтан: Жеңеше, мен бір керемет түс көрдім.

Анасы: Ол қандай түс, балам? *(елең ете қалады).*

Сұлтан: Мына Алакөлдінің жотасына бір қап тұз арқалап шығыппын. Тұзды жотаға алып шыққаным сол, ауыл жаққа қарасам, менің сыныбым да, мектебім де, мектептегі балалар да ,осы шамалған ауылының бәрі төме-е-ен жақтан көрінді. Соны өзім арқалап шығарған тұз толы қаптың үстінен қарап отырып көрдім.

Анасы: балам, сен өте үлкен адам болады екенсің, дәрежең жоғары болады екен, тұз деген-жақсы нәрсе. Алла тілеуінді берсін, балам. Мансабың жоғары, өрең терең, несібең аса мол, еңсең биік болады екен. *(Анасы баласына батасын беріпті).*

Кітапханашы: Иә, Нұрсұлтан Назарбаев балалық шағымен қоштасып үлкен өмірге қадам басты.

Бүгін бізде ерекше күн өйткені біз бүгін Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы кең мағлұмат аламыз. Қазақстанның егеменді ел атануына Елбасымыздың қосқан үлесі зор. Қазақстанды мекендеген барлық халықтардың ұлттық мәдениетін көркейтіп, бірлігі мен ынтымақтығын жарастырып отырған әлемге әйгілі ұлы тұлға.Тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткізген табыстарын біліп жүру-біздің

басты міндетіміз. № 74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасында виртуалды көрме ұйымдастырылып оқушыларға таныстырылды.

Мақсаты: бүгінгі жас ұрпаққа қазақ халқының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру; бүгінгі жас ұрпаққа Елбасының ерекше қасиет-қадірін, тұлғалық тұғырын түсіндіру, Елбасымыздың ерен еңбегін мақтаныш сезіммен оқушылар бойына сіңіру.

Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.



Кітапханашы:

Ж.Д.Шонаева

" Тәуелсіздік елімнің еркін жолы"

Кітап көрмесі

Мақсаты: Оқушыларға тәуелсіздіктің ұғымы түсіндіру. Еліміздің егемендік алғанынан бері 30 жылда жеткен жетістіктерін жеткізу. Қазақстан Республикасы туралы, оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру. Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, көрсету; оқушыларды өз елін сүйуге, қастерлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, өз ана тілін сүйуге, әдемі сөйлеуге үйрету.

Кітапханашы: Құрметті оқушылар!" Тәуелсіздік елімнің еркін жолы" сіздерді бұл мерекелік көрменің маңызымен таныстырып өтейін. Алтайдан Алатауға дейін ұлан – ғайыр жерді мекен еткен ата – бабаларымыз тәуелсіздікті арман еткен. Осынау кең

даланы көк найзаның ұшымен, сом білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың аманатын орындау үшін талай боздақтар жанкештілікке барған. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген батырлар. Ресейдің езгісінде болып, тіліміз бен дінімізден безіп, орыстанғалы тұрғанда Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сияқты қыршын жастардың құрбандыққа баруы арқасында ғана тәуелсіздік алып, егеменді ел болдық. Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын – қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар, Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Ал, 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады. Қазақстан -қазақ халқының атамекені. Осы тұғырлы орданың айбарлы есімін естігенде сан қилы күй кешеміз. Асқар таудың биік белесінен жайнап бүкіл әлемге қуаттана қарап, өзін мәңгілікке хабарлап тұрған тұғырын тот баспай-тын ел екенін мақтанышпен сезіп қуанамыз. Болашақта Қазақстанымыз әрі қарай дамып, әлемдік аренада өз орнына ие болады деп нық сенеміз. Бар игілігіміздің бастауы болған Тәуелсіздік күні барлығымызға құтты болсын ! Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында мемлекетіміз өркендеп келеді. Тәуелсіздік халқымыздың басына қонған бақ. Бұл күні байтақ еліміз үшін теңдесі жоқ тарихи күн! Бабалар аңасаған ақиқатқа айналдырған еліміз үшін ұлан асыр той. Баршаңызды ұлыстың ұлы күнімен-Тәуелсіздік мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Кітапханашы:

Ж.Д.Шонаева

" Тәуелсіздік елімнің еркін жолы "





№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
кітапханасында ұйымдастырылған
мобильді кітапхана жөнінде

Хабарлама

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мобильді кітаптар оқуға арналған бұрыш ұйымдастырылды. Кітап оқуды дамыту – бұл қазіргі таңда кез-келген қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі. Сондай-ақ, кітапхана қызметінің де негізгі бағытының бірі - кітап оқуды насихаттау. Мобильді кітаптарды оқудың бір ерекшелігі - кітапты телефон жадына сақтау арқылы оны кез келген уақытта оқуға мүмкіндік аласыз.

Айта кетейік, стендтегі кітаптар тізімінен белгілі қаламгерлердің еңбектері мен басқа да ақын-жазушылардың шығармаларын оқуға болады.

QR- КОД АРҚЫЛЫ КІТАП ОҚУДЫ ҰСЫНАМЫЗ!



№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
кітапханасында ұйымдастырылған
кітапханалық сабақ жөнінде

Хабарлама

Кел, бірге оқимыз!

Мақсаты: Ойын арқылы кітапқа, кітапханаға келуге қызығушылығын арттыру. Ойната отырып, ертегілермен әңгімелерді дауыстап оқып беру.

Сабақтың түрі: Ойын

Кітапханашы: Сәлеметсіздер ме балалар! Бүгін бізде ерекше кітапханалық сабақ Кел, тыңдаймыз,оқимыз,ойнаймыз! Бұл сабақтың ерекшелігі мынада,бәріміз мына ыдысқа салынған “Ақылды қонжықтан” аламыз. Ақылды қонжығымыз осы барни тәтті тоқашы. Кімнің “Ақылды қонжығы”сөйлейді,біз соны орындаймыз. Сыртқы қабығына арнайы жазылған жазуды оқимыз. Онда «Тыңдаймыз», деген сөз шықса ертегілер мен қызықты әңгімелер тыңдаймыз. Ал, «оқимыз» шықса, Балдардың өздері қалаған ертегілерін оқып береміз. «Ойнаймыз» сөзі шықса, асық ойынын, бес тас ойынын ойнаймыз.

Кітапханашы:

Білесің бе, кітап білім ұясын,
Оқып оны өмірге азық жиясың,
Оқып- біліп,зерттеп кіріп санаға
Терең білім,ой маржанын құясың.

Кітап-рухани азық. Кітап адамның дүниетанымын кеңейтеді.Біз кітаппен күн сайын кездесеміз.Ертегі,әңгімелер мен сыр шертетін кітаптар біздің ең жақын ақылшымыз. Қане бүгінгі “Ақылды қонжығымыз” не айтар екен . Алақай, балалар бүгін қонжығымыз қызықты ертегі оқимыз дейді. Оқушылардың таңдауымен “Алтын сақа ертегісі” оқылады.

Кітапханашы: Көп әңгіме, өлеңім,
Күнде ақыл беремін!

Жақсы көрсе мені кім,
Мен оны жақсы көремін.

Кітаптың ең қызықты тұстарында үзіліс жасап, ары қарай келесі күнге қалдырамыз. Кітап оқуға баулудың алғашқы кезінде оқырман кітап оқуға қызығушылық білдіре қоймайды, сондықтан осындай ойын түрлерін әдетке айналдырып, кітап оқуды ұсына берсе, баланың кітап тыңдауға құлшынысы оянады. Бала кітап оқудың қызық екенін сезінеді.Кітапханалық сабақтарға күнделікті 10-15 минут уақыт бөліп өткізсе, оқуға құштар оқырман жинаудың бір сатысы болар еді. Ойын арқылы кітапқа, кітапханаға келуге деген қызығушылығын арттыру. Кішкентай оқырмандар жалықпайтындай қысқа да нұсқа ойын балаларға жақсы ұнайтыны сөзсіз.

28 бет

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
кітапханасында «Оқуға құштар мектеп»
жобасы аясында ұйымдастырылған
танымдық сағаты жөнінде

Хабарлама

Қазақ даласы қай заманда да, дарынды, ақылды адамдардан құр қалған емес. Адамзат тарихының әр ғасырында да өз дәуіріне лайықты кемеңгер адамдар өмір сүрген. Бүгінгі өскелең ұрпақтың Қазақстан мәдениеті, ғылымы, рухани өмірі мен сол мәдениетті жасаушыларға деген қызығушылықтарының күн санап арта түсуінен де ұлтымыздың ұлы тұлғаларына деген сүйіспеншілігі мен құрметі анықталады. № 74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасында “ Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында оқушыларға қазақ елінің біртуар азаматы Д. А. Қонаевтың биыл 110 жылдығына орай,Кемеңгер тұлғаның мемлекетке және халқына сіңірген еңбегін, ерлігін, қажырлы жүргізген саясатын үлгі ету, оқушылар бойына халқымыздың құндылықтарын сіңіріп тәрбиелеу мақсатында «Ұлыларды ұмытпа ұрпақ үшін!»

атты танымдық сағаты ұйымдастырылды. 5-7 класс оқушылары атсалысып, ақын – жазушылардың өлең жырларын мәнерлеп жатқа айтты.

Кітапханашы:

Ж.Д.Шонаева

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
кітапханасында “Жемқорлыққа жол жоқ!”
кең көлемді бұрыш ұйымдастыру
жөнінде

Хабарлама

Тақырыбы: «Жемқорлыққа жол жоқ!»

Мақсаты мен міндеті:


- Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру;
- Сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою;
- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- Саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой-пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

- Саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой-пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу. 2-слайд

«Сыбайлас жемқорлық» - деген түсінік мағынасына этимологиялық тұрғысында қарағанда «сындыру», «бүлдіру», «бұзу», «зақымдау», «жалғандау», «параға сатып алу» білдіретін «corruptio» латын сөзінен шығады. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады.

Кітапханашы:
Ж.Д.Шонаева





31 бет

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
кітапханасында “«Мұқағали - мәңгілік ғұмыр»”
кең көлемді кітап көрмесін ұйымдастыру
жөнінде

Хабарлама

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында Қарасаз жерінде туып, қанатын қатайтып, қысқа ғұмырында өшпестей із мәңгілік мол мұра қалдырған ғасырымыздың ғаламат ақыны Мұқағали атамызға арналған «Мұқағали - мәңгілік ғұмыр» атты кітап көрмесі және Мұқағали оқулары ұйымдастырылды. Мақсаты ақын өмірі мен өлеңдері туралы оқушылардың жан – жақты білуі. Балаларды ақын өлеңдерін жатқа мәнерлеп, көркем оқуға дағдыландыру. Отанды елді сүйуге, имандылыққа, өнерге деген құштарлық сезімін ояту. Мұқағали Мақатаевты ұрпақтары ешқашан ұмытқан емес. Мұқағали бір ғасырда бір келетін, қазақ поэзиясының алтын домбырасы дерліктей хас талант иесі. Иә, жақсы жырды, жақсы ақынды таңдай білсек, қорғай білсек, халқымыздың рухани өзегі, сана байлығы толығымен түсері анық. Мұқағали Мақатаевтың әрбір өлеңін қымбат қазынымыздай сақтап, оқуымыз керек. Ол – біздің міндетіміз.

Мұқағали Мақатаевтың туғанына 91 жыл толды. Ақын туралы 10 деректі оқи отырыңыз.

Деректер adebiportal.kz сайтынан алынды.

1. Мұқағали Мақатаевтың балалық шағы қазақтың басына төнген қайғы-қасіреттің бірнешеуімен тұспа-тұс келді. 1932-33 жылдардағы ашаршылық кезінде ақын небәрі 1-2 жас шамасында болса, 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін кезінде 6 жаста болады. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында Мұқағали Мақатаев 10 жастағы бала екен. Соғыстың салқын қабағы ақынның шаңырағына оңай соққан жоқ. Әкесі Сүлеймен қан майданда қаза тапты.
2. Болашақ ақын ер мінезді әжесі Тиынның тәрбиесін көріп, аңыз-ертегілермен сусындап өседі. Ол өзінің анасы Нағиманды жеңгесі сияқты қабылдап, “Нақа” деп атап кеткен. Мұқағалидің азат ойлы, ашық пікірлі болуына әжесінің тәрбиесі ықпал етті.
3. Мұқағали Мақатаев 14-15 жасында ақын болуға біржола бел байлап, қазақ әдебиетімен бірге әлемнің барлық классиктерін оқып шығады. Соның ішінде Гейне, Гете, Шекспир, Данте, Бальзак, Драйзер, Гюго, Байрон, Лондон сияқты классиктерді жоғары бағалайды.
4. Ол өзінің заманындағы барлық адамның қолы жете бермейтін бірнеше оқу орнына жеке ізденісінің арқасында қабылданады. Алғашында ҚазМУ-дің филология факультетіне, содан кейін шет тілдер институтына, артынша ҚазМУ-дің заң факультетіне оқуға түседі. Жазушылар одағының жолдамасымен 1973 жылы Мәскеудің М.Горький атындағы Әдебиет институтының студенті атанады.
4. Өмірдің қалтарыс-бұлтарысын бала күнінен көріп өскен ақынның сана-сезімі, ақыл-ойы ерте жетіледі. Ол өзінің өмірлік жары Лашынға 18 жасында үйленеді. Ақынның алғашқы лирикалары осы кезде жазыла бастады.
6. Мұқағали Мақатаев еңбек жолын ауылдағы мектепте орыс тілі пәнінің мұғалімі болып бастады. Оның орыс тіліне жетік болуы, әлем әдебиетін оқуына септігі тиеді. Кейін аудандық газетте тілші болып қызмет істеді. Ақын-жазушының басы қосылған рухани астанамыз Алматыға келіп, әдеби ортаға тап болады. Үлкен шаһарда пәтерден пәтерге, қызметтен қызметке ауысып, тұрмыс тапшылығымен бетпе-бет келеді. Бірақ, Мұқағали өзінің ақындық талантының пайдасын көп көрді. Жыл сайын кітабы шығып, қаламақыға

қомақты қаржы алып отыратын еді. Оның талантты ақын екенін танып, бүкіл жұртқа «Қазақ әдебиеті» газетінде Әбділдә Тәжібаев алғашқы болып жария етеді.

7. Ақынның тағдыры оңай болмаған. Оның тұңғыш қызы Ләззат қайтыс болып, кейіннен сүйікті қызы Майгүл көлік апатынан қаза табады. Оның қыздарына арнаған өлеңдері қазақ әдебиетінің классикалық туындыларының қатарында тұр.
8. Мұқағали ауруға шалдығып, өмірінің аз бөлігі қалғанын дәрігерлерден біліп алады. Содан бар мүмкіндігін өлең жазуға арнап, 12 жылдың ішінде 8 жыр жинағы жарық көреді. Ақынның барлық тағдыры өзінің өлеңдерінде шынайы көрініс береді. Оның «Асығу керек, асығу керек қалайда! Уақыт саған қарай ма?!» деген өлеңі ауруға шалдыққан жылдары жазылған. Өмірге соншалықты ғашық болған ақын жаралы тәнімен қазаққа үлкен мұра қалдырды.
9. Ол жарты ғасырға жуық ғұмырында 1000-нан астам өлең, «Ильич», «Мавр», «Аққулар ұйықтағанда», «Райымбек! Райымбек!», «Моцарт. Жан азасы» деген поэмалар жазды. «Құлпытас», «Марусяның тауы», «Өзгермепті», «Әже» әңгімелері мен «Қос қарлығаш», «Жыл құстары» повестерін, «Қош, махаббат» пьесасын жарыққа шығарды. Аударма салында да бақ сынап, Дантениң «Құдіретті комедиясының» «Тамұқ» деген бөлімін, Шекспирдің «Сонеттерін», Уолт Уитменнің өлеңдерін аударды.
10. Мұқағали Мақатевты өз ортасы мойындаса да, оның өлеңдері «Қазақ әдебиеті» газетінде жиі сыналды. Бір кездері оның өлеңдерін әділетсіз сынағандар да болды. Ақынның өзі де сын жанрында қалам қозғап, бірнеше әдеби шығармаларға талдау жасаған.

Кітапханашы:

Ж.Д.Шонаева

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп
кітапханасында “Жүрекке жол тапқан мейірімді
ана” көрмесін ұйымдастыру жөнінде

Хабарлама

«Өзін–өзі тану» пәні – баланың рухани әлемін байыту көзі.

Рухани байлыққа апаратын жолдың бірі – білім, екіншісі сол білімді пайдаға асыру. Адам алғаш білімнің құндылығына сүйене отырып, өз ортасын жақсы жағынан өзгертуге әрекет жасайды. Өйткені рухани жетілудің шыңына көтерілген адам өмірдің мәні мен мағынасын жай ғана түсініп қоймай, жер бетінде ізгілік орнатуға күш салады. Қандай да болсын адамдықты, адамгершілікті бетке ұстаған қоғамның мақсаты – әр адамды рухани байлық деңгейіне жеткізу.

Бүгінгі жас ұрпақты оқытып қана қою аз, оны жан-жақты дамыту, жаңаша дағдыларға тәрбиелеу қажет. Әлемдік даму, ғылыми технология адамның ұшқыр ойлы, терең білімді, озық тәрбиелі болуын талап етеді. Сондықтан рухани-адамгершілік тұрғысынан білім беру әр тұлғаның азаматтық келбетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатын қабілеттерін жетілдіруді көздейді.

Бүгінгі күні біздің елімізде ұлттық және азаматтық құндылықтардың негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту, жеке адамның рухани күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың барлығы да жасалуда. Тәрбиенің басты мақсаты әр адамның ішкі құндылығын, тұлғалық қасиетін ашып, бағалауға үйрету.

Осыларды ескере отырып, еліміздің мектептерінде 2001 жылдан бері «Өзін–өзі тану» бағдарламасы саралаудан өткізіліп, оқу жүйесіне енгізіліп келе жатқан еді. Ал 2010-2011 оқу жылынан бастап бұл пән жалпы білім беретін мекемелердің барлығына жаппай енгізілді.

«Өзін–өзі тану» пәні жастардың бойында махаббат, адамгершілік, мейірімділік сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырады, оларды рухани адамгершіліктің нәрімен сусындатады.

Бұл пән жобасының авторы Сара Алпысқызы атап өткендей, «Әр баланың қабілетін ашуы, өзіне жол табуы, өзінің күш-жігеріне сенуі өзінің өмірдегі орнын анықтау үшін өте маңызды! Әлемде махаббат пен мейірімділік аурасын жасай отырып, қайырымдылық пен махаббат жүректен жүрекке жетуі тиіс», яғни әрбір баланың, ата-ананың жүрегіне жылылық нұрын ұялатуда әрқайсымыздың орнымыз ерекше. «Өзін-өзі тану» пәні жеткіншекті жарық дүниеде өмір сүріп, Адам екенін терең сезінуге, адамдарға қуаныш сыйлай білуге баулиды.



Кітапханашы:

Ж.Д.Шонаева

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп

“Терроризмнің бір тетігі ұлттық тәрбие” бетшелер
шығарып оқушыларды таныстыру
жөнінде

Хабарлама

Терроризм – адамзаттың қасіреті

Мақсаты: А) Оқушыларға терроризм туралы терең түсінік беру, себептері мен зардаптарын ұғындыру;

Ә) Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу;

Б) Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру.



Кітапханашы :

Шонаева Ж.Д.

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп

«Алғыс білдіру ең асыл сөз»

шынайы қарым қатынас сағаты

жөнінде

Хабарлама

Тақырыбы: «Алғыс білдіру ең асыл сөз»

Мақсаты: Балаларды рухани байлықтың көзі – алғыс сөздермен таныстыру, алғыс сөздердің адамның ішкі дүниесінің өсуіне және адамдар арасындағы келісімге жақсы әсер ететініне көздерін жеткізу, қалыптан тыс терең ойлау қабілеттерін дамыту. Кітапханаға келген оқырмандарға Алғыс дегеніміз не атты “Біліп ал” айдарымен шығарылған бетше таратылды.

Сәлеметсіңдер ме, балалар. Сендермен кездескеніме өте қуаныштымын. **«Алғыс білдіру ең асыл сөз»** атты шынайы қарым қатынас сағатына қош келдіңіздер. Адамдар бір-біріне ризашылықтарын, алғыстарын білдіріп тұру керек. Балалар, осы сөздерге назар аударыңдаршы. Алғыс айту – бір адамның екінші адамға деген ықыласы, оны мойындау сезімі, жақсылығы үшін білдіретін ниеті

Адамдар бір-біріне деген алғыс сезімдерін қандай сөздер арқылы білдіреді?

- «Рахмет», «алғыс айтамын» «сізге өте тәнтімін», «көп-көп рахмет», т.б. сөздер.
- Мектепте оқып, білім алып жатқанымыз үшін алғыс айтуымыз керек.
- Бізге әріптерді үйреткен әліппеге алғысымызды айтуымыз керек.
- Жарық сәулесін сыйлаған күнге алғыс айтуымыз керек
- Таза ауасын сыйлаған ағаштарға рахмет айтуымыз керек
- Бізге өмір сыйлаған анамызға алғыс айтуымыз керек

Біз анамызға қалай алғыс білдіреміз?

- Анаға күлкі сыйлауымыз керек.
 - Оған қамқор болуымыз керек
 - Сабақты жақсы оқуымыз керек
 - Тәртіпті, әдепті болуымыз керек.
- Әдепті бала қандай болады?
- Үлкендерді сыйлау керек
 - Ата- аналардың тілін алу керек
 - Тәртіпті болу керек
 - Оқу құралдарын күтіп, таза ұстау керек
 - Сабақты жақсы оқу керек
 - Сабақтан кешігуге болмайды.
 - Амандасуды ұмытпа
 - Өзіңнен кішіні ренжітпе
 - Көлікте өзіңнен үлкен адамға орын беру керек

Балалар, басқаларға жақсылық жасауға, сараңдық жасамаңдар. Өз сөйлеулерінде «рахмет», «алғыс айтамын», «өте тәнтімін», т.б. сиқырлы сөздерді көбірек қолдануға тырысыңдар. Жақсы алғыс сөздерін естіген адам жақсы істерін жалғастыруға құлшынып тұратынын ұмытпаңдар. Өз өмірлеріңнің әр сәтін бағалауды үйреніңдер. Сендерді қоршаған жақсы істер үшін әрқашан да алғыс айтып жүріңдер.

Кітапханашы: Ж.Д.Шонаева





№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп

«Ана-мәңгілік тақырып»

Кең көлемді кітап көрмесі жөнінде

Хабарлама

Мақсаты: 1.Балаларды мейірімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге үйрету.Кітап оқуға баулу

2.Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.Оқушылардың танымдық қабілетін, дамыту.

Өнерде өлмейтін екі тақырып болса, соның бірі - ана, бірі – махаббат. Шығармашылық өмірінде бір туындысын анаға, әйел затына арнамаған өнер иесі жоқ деуге болады. Сонау Леонардо да Винчиден бастап, күні кешегі Ғабит Мүсіреповтер, одан кейінгі, осы күнгі классиктердің ұлылығы да олардың ананы, әйел затын терең түсініп, көркем суреттеп, классикалық ғажап деңгейде өнер өзегі етіп алуында, бір ғана мысал, Шәмшінің “Ана туралы жыр ” әнін алайықшы. Керемет дүние емес пе? Бұл әнге балқымаған, елжіремеген жүрек жоқ шығар. Өйткені ол ән адам жүрегінің жалғыз жебеушісі, өзіне өмір сыйлаған ардақтысына арналған емес пе? Шәмшінің бұл әні – Ана туралы әнұран. Есейіп кетсемде, мен саған сәбимін.

Көгілдір көктемдей көзіңнен танимын.


АНА... Осы үш қана әріптен құралған ұлы сөзге әлемдегі барлық жылулық, барлық пәк сезім, барлық бақыт пен махаббат, тіпті бүкіл жаһан сыйып кеткендей...

Анаға қаншама ақындар жыр арнаған. Қаншама жазушылар шығарма жазған. Ана – мәңгілік тақырып

Жер бетіндегі аналардың тілеуі бір. Ол – мейірімділік, адалдық, бейбітшілік, адамгершілік. Ұрпағының аман-саулығы.

Кітапханашы:

Ж.Д.Шонаева





№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп

Кітапханасында ұйымдастырылған

Ашық есік күні жөнінде

Хабарлама

Тақырыбы: Кітаптар керуені /ашық есік күні/

Мақсаты: Оқуға құштар мектеп жобасы аясында оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқуға құмарлығын, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын, ой — өрісінің дамуын, рухани байлығын, кітап оқуға қызығушылығын арттыру.

2 сәуір – халықаралық балаларға арналған кітап күні. Аталған мереке әр екі жылда бір рет 1956 жылдан бері бейресми түрде балалар жазушысы Ханс Кристиан Андерсеннің туған күніне орай аталып өтіледі.

Ханс Кристиан Андерсенге деген терең құрмет пен сүйіспеншіліктің белгісі ретінде Халықаралық кеңестің бастамасы және шешімі бойынша 1967 жылы 2 сәуір күні Халықаралық балалар кітабы күні деп ресми түрде жарияланды.

Балалар авторлары үшін бұл марапат – ең беделді халықаралық сыйлық, ол "Кіші Нобель сыйлығы" деп те аталады. Сыйлық белгілі балалар жазушылары мен суретші иллюстраторларға ғана беріледі. Көптеген елдерде балалар мен жасөспірімдер кітабы апталығы аясында әлемнің үздік кітаптарына арналған байқаулар, көрмелер,

конференциялар мен фестивальдар өткізіледі. Халықаралық күн саналатын атаулы мереке аясында түрлі балалар кітаптары жарнамаланады. Оларға бұрыннан таныс болмай келген кітаптар жайында айтылып, кішкентайлардың санасын ояту мақсатында түрлі дәрістер де оқылады. Әлемнің ұрпақтары білімді де, саналы болып өсу үшін қай мемлекет болса да, жай қарап жатпасы анық. Осы күнге орай көптеген белді компаниялар балаларға арналған кітаптардың жарық көруіне ат салысады. Өздерінше қолдау көрсетіп, демеушілік етер ұйымдардың саны артады. Жыл сайын әлем елдері мерекенің тақырыбын алдын ала белгілеп, арнайы атақты авторларды қонаққа шақырады. Осы арқылы балалардың көңілін білім мен танымға арттырады.

Кітапханаға келіп керуеннен кітаптар оқыңыз!

Кітапханашы: Шонаева Ж.Д.

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп

Кітапханасында ұйымдастырылған

7 сәуір денсаулық сақтау күніне орай

өткізілген таным сағат жөнінде

Хабарлама

Тақырыбы: «Денсаулық – зор байлық»

Мақсаты: жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру.

РЕКЛАМА

Тәрбиелік — денесін шыдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, әдемі болуға тәрбиелеу.

Барысы: Ой ашар сұрақтары:

А) Ол судан қорқады, одан кір қорқады. (сабын)

Ә) Тіс тазартатын құралдар?(тіс щеткасы мен паста)

Б) Денені шынықтыратын, денсаулыққа әсері мол сабақ(дене тәрбиесі)

— Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Денсаулық – зор байлық» деген тақырыпта ашық тәрбие сағатын өткізгелі отырмыз.

РЕКЛАМА

Тапсырмалар:

1. Денсаулықтың достарына нелер жатады?
2. Ұқыпты да әдемі азамат болу үшін адам денсаулығына не қажет?
3. Денсаулықтың қастары дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Салауатты өмір салтын сақтау дегеніміз не?

5.-Денсаулық дегенді қалай түсінесіңдер?

Денсаулық — жеке адамның басты байлығы.

Денсаулық — адам тіршілігінің ең бірінші шарты.

Бүгінгі дені сау ұрпақ — елдің ертеңгі жалғасы.

-Бүгінгі тәрбиелік іс-шарамыздың тақырыбына байланысты әңгімеміз тек денсаулық жөнінде болмақ . Денсаулық деген сөз-деніңнің саулығы деген мағынаны білдіреді. Деніңнің аурудан аман, қайратты, жігерлі, көңілдің көтеріңкі болуының өзі-денсаулықтың белгісі. Дене мүшелерінің, ішкі ағзалардың бірі ауырса, адамның денсаулығы нашарлап, көңіл күйі түседі, еш нәрсеге зауқы болмайды.

— Газды сусынның құрамында консерванттар, бояғыш пен ароматизатор беретін, иіс беретін заттар кіреді, олар асқазанға жағымсыз әсер етеді. Газды сусында мөлшерден көп қант тіс құртының пайда болуына себепкер. Сусынның құрамында дәрумендер мен минералды заттар жоқ.

Мұғалім:- Ал, көп балалар жақсы көретін сағыздың құрамында да қант көп, соның әсерінен іш ауруы, ішегінің тас болып қатып қалуы, абайсызда жұтып қоюуы өте қауіпті. Ал чипсидің құрамында бірнеше зиянды заттар бар, Бұл заттар жүйке жүйесіне улы әсер етеді.

— Ал қандай тамақ пайдалы?

— «Тәні саудың -дені сау» демекші, егер адам әрдайым жақсылық жасап, алғыс алып жүрсе оның жан дүниесі, тәні таза болады. Егер тәнің сау болса, онда денің де сау болады.

Үлкен кісілермен амандасып жүр. Сау болғың келсе, баршаға саулық тіле.Жалғыз басты кәрі кісілерге, мүгедектерге көмектес. Сонда сен алғысаласың, достарың да көпболады.

Қызғаншақболма! Өз бойыңдағы жалқаулықты, қорқақтықты таста! Өтірік айтпа, жаман ойлардан аулақ бол. Ауыра қалсаң, көп уайымдама. Бастаған істі аяқта! Жақсы оқы.

— Адамның ішкі ойы таза болса, дені де сау болады. Барлық уақытта адамдар мен айналаң туралы жақсы ойласаң және оларға жақсылық тілесең, өзінді әрқашан жақсы сезінесің..

Кітапханашы:

Денсаулық – ол күлуің,

Көңіл-күйің жадырай.

Денсаулық – ол жүруің,

Ешбір жерің ауырмай.

— Балалар, деніміз сау және күшті болып өсуіміз үшін не істеуіміз керек?

— Иә, дұрыс ол үшін күн тәртібін сақтау керек. Уақытымен ұйықтап, ұйқыдан тұрған соң төсек орнымызды жинап, жуынып таңғы жаттығу жасауды әдетке айналдырып, таза жүрсек, өз-өзімізді күте білсек , деніміз сау болады. Әрдайым күліп жүруіміз керек Сендердің күлкілерің әдемі болуы үшін тісті күтуге байланысты ережелерді мұқият орындауымыз керек.

1. Тісті күніне екі рет тазалауымыз керек .

2. Тамақтан кейінауызды шаюкерек.

3. Ыстықтамақтан соң суық нәрсе ішпеу керек.

4.Жаңғақты тіспен шақпау керек.

5.Дер кезінде тіс дәрігеріне көріну қажет.

6.Тәттіні көп жеуге болмайды.

7.Әркімнің өзінің жеке тіс щёткасы болуы керек.

— Балалар, енді жұмбақтар шешіп көрейік.

Дымқылдап күнде сен,қолыңа сүйкесең.Кетіп кір-ласың,Тап-тазаболасың. (Сабын)

Шомылған баланы,Аймалапалады.Сүртеді қолын да,Сүртеді жонын да. (Сүлгі)

Аузыжоқ, көзіжоқ,Тіліжоқ, өзіжоқ.Бірақ та тісі бар,Басыңмен ісі бар. (Тарақ)

«Дәрігер мен бала» қысқа әңгімені айтайын мұқият тыңдаңдар

Есік қағылады. Ішке бала кіреді.

Дәрігер:- қандай себеппен келдің?

Бала:- Басым, көзім ауырады, ұйқым келе береді.

Дәрігер:- Сағат нешеде тұрасың?, нешеде ұйықтайсың?

Бала:- Түнгі 2-3-терде ұйықтаймын, 11 -де тұрамын.

Дәрігер:- Асқа тәбетің қалай? қалай тамақтанасың?

Бала:- қолыма не түседі, сонны жейсаламын.

Дәрігер:- Нені ұнатасың?

Бала:- Сотка қарағанды, компьютерде ойнағанды ұнатамын.

Дәрігер:- Оған қанша уақыт бөлесің?

Бала:- ұйқым келгенше ойнай беремін.

Дәрігер:- Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар, бұл бала неліктен ауырады? Себебін айтып, кеңес беріңдер.

-**Кітапханашы:**Халық даналығында «Денсаулық — зорбайлық» деген сөз бар. Ерте заманнан бері ата-бабаларымыз денсаулыққа көп көңіл бөлген. Баланың денісау, шымыр болу үшін 4-5 жастан бастап атқа мінгізген, садақтарту, найзашаншу, күрес секілді денені шынықтыратын жаттығулармен жаттықтырған. Осының нәтижесінде бұлшық ет қатайып, бой өсіп, кеуде кеңейіп, күш молаятынын ертеден – ақ білген..Ал қазір мектепте дене шынықтыру сабақтары жүргізіледі. Онда арнаулы мамандар иесі қабілетін анықтап, бағыттап отырады. Спорттың түрлеріөте көп. Стол теннисі, шахмат, хоккей, бокс, баскетбол, футбол сияқты түрлері кеңінен тараған. Кейінгі кездері жылдамдықты, тездікті талап ететін спорттың түрлері де пайдаболды. Олар: у-шу, дзюдо, айкидо, таэквондо. Сонымен қатар денені шынықтыратын ұлттық ойындар да бар. Олар: «Бәйге», «Қызқуу», «Көкпар», «Аударыспақ», «Жамбы ату».

Қол күрес – білек күштерін сынау.

Қорытынды сөз: — Балалар, біз бүгін қандай тақырыпта сөз қозғадық?(Денсаулық)

— Нені ойға тоқып, жадымызда сақтауға тиіспіз?(Жаман әдеттен аулақ болуымыз керек)

— Сіздер, қандай азамат болып өсулерің қажет?(Дені сау, ақылды, білімді, адал болып)

— Балалар, олай болса, денсаулықтың достарын атайықшы.

— Ал, балалар, деніміз сау болу үшін, мықты болу үшін не істеу керектігін, ауырмай тұрып алдын ала сақтану, қоршаған дүниенің біздің денсаулығымызға пайдасын т. б. жолын меңгердік деп ойлаймын. Таным сағатынан өздерің үлкен тәрбие алдыңдар.

Деніміз сау болу үшін қандай нәрселерге мән беруіміз керек:

Ең әуелі денеміздің тазалығына мән беруіміз керек.

Жүйелі түрде моншаға түсіп тұруымыз керек.

Тырнақтарымызды жиі-жиі қысқартып, таза ұстауымыз керек.

Тамақтан алдын және кейін қолымызды жууымыз керек.

Тамақ ішіп болған соң және ұйықтар алдында тістерімізді тіс пастасымен жуу керек.

Жүйелі түрде спортпен шұғылдану, мүмкіндігінше табиғи тағамдармен және үйлесімді қоректену керек.

Ұйқымыздың жүйелі болуына мән беру керек. Ертежатып, ертетұру керек.

Жеміс, көкөністерді жемес бұрын жақсылап жуу керек. Тағамдардың таза болуына аса мән беру керек. Беті ашық түрде сатылатын тамақтарды жемеу керек Терлеп тұрып су ішпеу керек.

Ата-ананың рұқсатынсыз ешқандай дәрі қолданбау керек.

— «Сау дене, азат ақыл, адал көңіл – үшеуімен бақытты болады өмір», — демекші, дені сау, батыл жүректі, салауатты өмір салтын орнықтыруға дайын ұрпақ болып өсейік, ешқашан ауырмай, өз денсаулықтарыңды күтіңдер! . Сондықтан болашақта сендерден дені сау, мықты да шымыр, отбасына тірек болатын азамат, азаматша шығады деп сенемін.

Тұжырым: Тәуелсіз ел тірегі-дені сау, санасы уланбаған, саналы ұрпақ.

Тазалықты сүйеміз,

Таза болып жүреміз.

Біз баламыз шыныққан,

Денсаулығы мықты жан.

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп

кітапханасында ұйымдастырылған

12 сәуір – Дүниежүзілік авиация және

ғарыш күніне оқырмандармен өткізілген

“Қызықты деректер” таным әңгіме

жөнінде

Хабарлама

Тақырыбы: Қазақстанның ғарышкерлері туралы қызықты мәліметтер

Мақсаты: Оқуға құштар мектеп жобасы аясында, оқушыларға ғарыш әлемі туралы түсінік бере отырып, кітап оқуға ынтасын арттыру, алғаш самғаған әлемдік және қазақтандық ғарышкерлер туралы мағлұмат беру.

2. Ғарыш әлеміне деген қызығушылық және танымдық қабілетін арттыру.

3. Оқушылардың патриоттық сезімін ояту.

12 сәуір – Адамзаттың ғарышты бағындырған күні. Сондықтан, 1968 жылдан бастап Халықаралық авиация федерациясы 12 сәуірді Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күні деп бекітті. **Қазақтың 3 қыраны**

Тоқтар Әубәкіров — қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, ұшқыш. Ол 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген.

Тоқтар Әубәкіров ғарышта 7 күн 22 сағат 13 минутты, Талғат Мұсабаев 341 күн 9 сағ 48 мин, ал Айдын Айымбетов 9 күн 20 сағ 13 мин 51 с болған.

1. 1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. 1991 жылы 10 қазанда Жерге оралды.
2. Әубәкіров тек қана ғарышкер емес, сонымен қатар экспериментке қатысқан алғашқылардың бірі. Ол бірінші рет қазақ ғалымдарының тәжірибе барысында жасаған қазақ асханасының сублимацияланған тағамдарын қолданып көрді. Бұл тағамдарға: айран, ірімшік, ет жатады.

Тоқтар Әубәкіров – әлемнің 256-ғарышкері болса, Талғат Мұсабаев 309-ғарышкері. Айдын Аымбетов әлемнің 545-ғарышкері.

Талғат Мұсабаев — 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысы, Жамбыл ауданы Қарғалы кентінде дүниеге келген. Ол Қазақстанның екінші ғарышкері.

1. 1994 ж. ғарышқа 1-рет ұшқанда (Союз ТМ-19) 126 күн ғарышта өткізген.
2. 1998 ж. ғарышқа 2-рет ұшқанда (Союз ТМ-27) 208 күн ғарышта өткізген. Гиннестің үздік табыстар кітабында бір айдың ішінде 5 рет не бары 30 сағат 8 минут ұзақтығымен ашық ғарышқа шыққанны жазылып алынған.

3. 2001 ж. ғарышқа 3-ші рет ұшқанда (Союз ТМ-32) 8 күн ғарышта өткізген.

4. Талғат Мұсабаев ғарышкерлер арасында алғашқы хирург атанған.

Үш қыранға да ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі, ғарышқа ұшу кезінде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін «Халық қаһарманы» атағын берілген.

Айдын Айымбетов — 1972 жылы 27 шілдеде Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Өтенай ауылы дүниеге келген.

1. 2015 жылы 2 қыркүйекте 2-бортинженер ретінде транспорттық пилоттанған «Союз ТМА-18М» кемесінде ЭП-18 саяхаты аясында Байқоңыр ғарыш станциясынан Халықаралық ғарыш станциясына аттанды.

2. Айдын Айымбетов ғарышта 10 күн болып, маңызды зерттеулер жүргізген болатын. Халықаралық ғарыш станциясынан оралған Айымбетовті президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі күтіп алды.

Тоқтар Әубәкіров пен Айдын Айымбетовтың туған күндері бір күнде, бір айда, яғни 27 шілдеде. Екі ғарышкеріміз де Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесінің түлектері. **Жалпы ғарышкерлер жайлы қызықты 13 мәлімет**

- Ғарышты зерттеу тарихында ғарышта ешкім қаза тапқан жоқ. Жазатайым оқиғалар болған. Бірақ олардың бәрі Жерден ұшқан кезде немесе орбитадан түсу барысында болды. Барлығы атмосферада қаза тапты.
- Орбитада ғарышкерлердің өсуі орта есеппен 4-5 сантиметрге дейін артады, өйткені жер үсті ауырлық күшіне көп әсер етпейді. Сондықтан омыртқа түзетіледі.
- Көптеген тағам өнімдерін ғарышкерлер тек түтіктерден сұйық түрінде қолданады.
- Орбитаға көп уақыт жұмсаған ғарышкер — Валерий Поляков. Оның жазбасы 438 күнде әлі күнге дейін ұрланған жоқ.
- Ғарышта ұзақ уақыт бойы үздіксіз болу — 14 ай. Бұл жазба сондай-ақ «Мир» орбиталық орбиталық станциясына барған Поляковқа да тиесілі.
- Көптеген ғарышкерлер алдымен ауыр салмақтылық жағдайынан туындаған «ғарыштық аурудан» зардап шегеді. Бұл, ең алдымен жүрек айнуы кезінде көрінеді.
- Айға барған «Аполлон-11» ғарышкерлері оларды қайтару кезінде кедендік бақылаудан өтті. Кедендік декларацияда олар: «Жүк — бұл ай мен тастар» деп жазды.
- ХҒС-дағы астронавтар оянып, Жердегі Ұшуды басқару орталығынан жіберілген сигналда тұрып жатыр (ХҒС туралы қызықты деректерді қараңыз).
- Ғарышкерлер ғарышта қорылдамайды.
- Жерге қайта оралғаннан кейін, көптеген ғарышкерлер ыңғайсыз күй кешеді.
- Тістерді тазарту кезінде ғарышкерлер тіс пастасының көбігін жұтуға мәжбүр болады, сондықтан олардың арнайы жеуге жарайтын пастасы бар.